

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№36 (149) ЖҰМА

10 қазан 2025

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

• **БӘРЕКЕЛДІ!**

ҰСТАЗ – ҰЛАҒАТТЫ ЕСІМ

Биылғы Ұстаздар мерекесі Сәтбаев қаласының білім бөлімі мен білім беру ұйымдарына, педагогтері үшін ерекше қуаныштар сыйлады. Ұстаздарды ұлықтауға арналған Ұлытау облыстық «Ұстаз - ұлағатты ұлы есім» тақырыбымен өткен салтанаттың барлық дерлік марапаты Қаныш қаласының ұстаздарына бұйырды.



«Үздік директор» номинациясы бойынша С.Сейфуллин атындағы гимназия директоры Джакипова Гульсана Амантаевна – бірінші, «Үздік директор орынбасары» номинациясы бойынша Б.Момышұлы атындағы мектеп-гимназиясы директорының орынбасары Беисова Лаззат Аманжоловна – үшінші, «Үздік әдіскер» номинациясы бойынша Сәтбаев қалалық білім бөлімінің әдіскері Макишева Эльмира Иосифовна – үшінші, «Үздік

тәрбиеші» номинациясы бойынша №16 жалпы білім беретін мектебінің тәрбиешісі Жолдыбай Ақтоты – үшінші, «Үздік қосымша білім беру ұйымының педагогі» номинациясы бойынша Өнер мектебінің педагогі Естиярова Сәуле Тышканбаевна – екінші орын иеленді. «Үздік әдістемелік кабинет» номинациясы бойынша «Сәтбаев қаласы білім бөлімі» ММ, «Үздік мектепке дейінгі білім беретін ұйым» номинациясы бойынша

«Айналайын» бөбекжайы, «Үздік білім беру ұйымы» номинациясы бойынша Б.Момышұлы атындағы мектеп-гимназиясы 2 млн.теңгенің сертификаттын жеңіп алды.

Өскелең ұрпақтың білімі мен тәрбиесі үшін қосып жатқан еңбектеріңіз жемісті бола берсін! Мерейлеріңіз үстем, есімдеріңіз асқақ болып, марапаттарыңыз құтты болсын!

Абдолла НҰРТАУҰЛЫ.

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы бойынша ақпарат.

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 2025 жылғы 17 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес, Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы Қағидалары бекітілген.

Аталмыш қағида негізінде 2025 жылдың мамыр айынан бастап Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы бойынша барлық функция Отбасы банкке өткендігін ескертеміз.

Осыған орай қала тұрғындарын мемлекеттік тұрғын үй қорынан пәтер алу кезегіне тіркелу, кезекті білу үшін Отбасы банк мамандарына немесе Отбасы банкінің қосымшасы арқылы жүгіну қажет екендігін ескертеміз.

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

Көппәтерлі тұрғын үйлерде газды пайдалану

Тұрғын үйлерде газды пайдалану тұрмыстық өмірді айтарлықтай жеңілдетсе де, дұрыс қолданылмаған жағдайда өте қауіпті болуы мүмкін. Газбен байланысты төтенше жағдайлар көбінесе абайсыздық пен қауіпсіздік ережелерін сақтамаудан болады.

Көпқабатты тұрғын үйлерде газды пайдалану қауіптері

1. Жарылыс қаупі
 - Газдың жиналуы бір пәтерде болса да, жарылыс бүкіл подвезд немесе үйдің бірнеше қабатына зиян келтіруі мүмкін.
 - Жарылыстан үйдің конструкциясы бұзылады, адам өлімі мен жарақаттануы орын алады.
2. Көмірқышқыл газымен (СО) улану
 - Газ толық жанбағанда бөлінеді.
 - Вентиляция дұрыс жұмыс істемеген жағдайда улы газ жиналып, тұрғындардың улануына, тіпті өліміне себеп болуы мүмкін.
3. Өрт шығу қаупі
 - Газбен жұмыс істейтін құрылғылардың ақауы, дұрыс



орнатылмауы, немесе оттың қараусыз қалуы өртке әкеледі.

- Көпқабатты үйлерде өрт тез таралады.
- 4. Құтқару қиындығы
 - Биік қабаттардағы адамдарды эвакуациялау уақыт алады.
 - Өрт немесе жарылыс болғанда түтін тез жайылып, көру мен тыныс алуды қиындатады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары

Тұрғындарға арналған:

- Газ құрылғыларын тек лицензиясы бар мамандарға орнату;
- Газ плитасы, колонка, қазандық болса – жылына кемінде бір рет техникалық тексеріс жасату;
- Желдету арналарын жауып тастамау;
- Газ иісі байқалса:
- Газ құрылғыларын өшіру;
- Электр жарығын қоспау/өшірмеу;
- Терезені ашып, бөлмені желдету;
- 104 немесе 112 нөміріне қоңырау шалу.

Сонымен қатар, «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы № 532-IV Заңының 28 бабы 7 тармағының 1 тармақшасына сәйкес, қабаты екі қабаттан асатын көп пәтерлі тұрғын үйлерде тұрмыстық баллондардағы сұйытылған мұнай газын сақтауға және (немесе) пайдалануға қатаң тыйым салынғандығын ескерген жөн.

Көпқабатты тұрғын үйде газ – ыңғайлы, бірақ аса қауіпті ресурс. Сондықтан оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету – тек газ қызметінің емес, әрбір тұрғынның міндеті.

► ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: СЕНІМГЕ – СЕРПІН ДАМУДЫҢ ЖАҢАША ЖОЛЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы Жолдауы – ел дамуының стратегиялық бағытын айқындайтын, мемлекет пен қоғам арасындағы диалогтың ең маңызды тетігі. Жолдау – бұл халыққа арналған үндеу ғана емес, елдің экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени өмірінің барлық саласын қамтитын кешенді бағдарлама. Онда Мемлекет басшысы еліміздің дамуындағы басты басымдықтарды белгілеп, қоғам алдында тұрған өзекті мәселелерге нақты шешімдер ұсынады.

Жыл сайынғы Жолдау арқылы Президент мемлекет пен азамат арасындағы сенім көпін нығайтады. Бұл – қоғамның пікірін ескеріп, елдің болашағын бірлесе қалыптастырудың заманауи үлгісі. Әрбір Жолдау жаңа міндеттер жүктеп қана қоймай, ел дамуының жаңа кезеңіне жол ашады. Себебі ондағы әрбір бастама – халықтың тұрмыс сапасын арттыруға, әділетті қоғам орнатуға және ұлттық экономиканы тұрақты дамытуға бағытталған нақты іс-шаралар жүйесі.

Соңғы жылдары Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдаулары жаңа технологиялар мен цифрлық даму бағытына ерекше назар аударып келеді. Өйткені ХХІ ғасыр – ақпарат пен инновация ғасыры. Цифрландыру – елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, экономикалық өсімді қамтамасыз етудің және мемлекеттік басқаруды тиімді етудің басты құралы.

Бүгінде Қазақстанда цифрлық экожүйе қалыптасып келеді. Электронды үкімет, «e-Otinish» және «Smart City» жүйелері, онлайн білім беру мен денсаулық сақтау платформалары – осы бағыттағы нақты жетістіктер. Бұл бастамалар қоғам өмірін жеңілдетіп, мемлекеттік қызметтерді ашық әрі қолжетімді етуге жол ашты. Ал жасанды интеллекттің (AI) дамуы – осы цифрлық трансформацияның келесі сатысы.

Жасанды интеллект бүгінде әлемдік дамудың өзегіне айналды. Ол өндірістен бастап медицинаға, білімнен бастап басқару ісіне дейін барлық салаға еніп келеді. Қазақстан да бұл үрдістен шет қалмай, мемлекеттік бағдарламалар мен жеке сектор жобалары арқылы интеллектуалды технологияларды белсенді енгізуде. Президент атап өткендей, цифрландыру тек

IT саласын емес, бүкіл экономиканы жаңғыртуға бағытталған.

Бүгінгі таңда жаңа технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектті дамыту – еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Осы тұрғыда «Ауыл» партиясының белсенді қолдауымен, Қазақмыс корпорациясы ардагерлерінің бастамасы және партия басшысы Абзал Жиенбаев Бақытұлының жетекшілігімен Chat GPT сынды заманауи бағдарламалар қолданысқа енгізілуде. Өзім бұрыннан пайдаланып жүрген ContraCam бағдарламасымен қатар, бұл құралдар күнделікті жұмысымызды жеңілдетіп, тиімді шешімдер қабылдауға себеп болып отыр.

Мұндай бастамалар – елдің болашағына салынған инвестиция. Жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды кеңінен енгізу білім сапасын арттыруға, мемлекеттік қызметтің тиімділігін жоғарылатуға және өндірістегі өнімділікті күшейтуге зор мүмкіндік береді. Бұл – қазақстандық қоғамды жаңа сапалық деңгейге көтеретін стратегиялық бағыт.

Қорытындылай келе, Президент Жолдауы – бұл құр сөз емес, нақты іс-қимыл бағдарламасы. Ол – еліміздің дамуына тың серпін беретін, болашаққа сеніммен қадам басуға мүмкіндік жасайтын маңызды құжат. Сондықтан әрбір азамат Жолдаудың мәнін терең түсініп, оның жүзеге асуына өз үлесін қосуы – ел алдындағы жауапкершіліктің бір көрінісі.

А. МУЛАКОВ,
Сәтбаев қаласы
мәслихатының депутаты,
Қазақмыс корпорациясы
жанындағы Ардагерлер кеңесінің
Сәтбаев филиалының
басшысы.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады. Жұмыс уақыты 9:00 – 18:30-ға дейін.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией.

Email: maslihat. satpaev maslihat@mail.ru

МИРНАЯ ЖИЗНЬ – ПЛОД ДРУЖБЫ НАРОДОВ

Казахстан – многонациональная страна, где люди разных культур, конфессий и традиций живут вместе, поддерживая мир, уважение и взаимопонимание. Для молодежи города и для взрослого населения особенно важно видеть, что не просто лозунги, но реальные действия проявляются день ото дня – от работы государства и акимов до личного самосознания каждого из нас. Вот обзор ключевых моментов, которые формируют сегодня «мирную жизнь» и дружбу народов в Казахстане.

Казахстан активно совершенствует услуги через интернет. По версии ООН, страна заняла 24-е место из 193 по Индексу развития электронного правительства (EGDI), и при этом — первое место среди стран, не имеющих выхода к морю. Это даёт людям удобный доступ к государственным услугам, уменьшает бюрократию и способствует открытости.

Президент Касым-Жомарт Токаев неоднократно подчёркивает: от Правительства, а также от акимов регионов требуется не просто усердие, а чёткий результат — будь то в экономике, инфраструктуре, цифровизации, образовании. Акимы будут оцениваться по реальным показателям: например, по снижению безработицы, улучшению занятости населения. Это важный шаг к тому, чтобы руководство было ближе к людям. С 2021 года акимы сел избираются напрямую — уже около 90% сельских акимов — это люди, избранные жителями. Также принято решить, чтобы и акимы районов и городов областного значения избирались через прямые выборы по мере истечения сроков полномочий.

Принят национальный план, включающий крупные проекты по развитию агропромышленного комплекса, предпринимательства, инфраструктуры, науки и технологий. Правительство утвердило стратегию достижения углеродной нейтральности к 2060 году — важный экологический и социальный курс.

Обращения людей стали реально учитываться: появилось больше площадок для диалога, прямого общения с госорганами. Концепция «слышащего государства» подчёркивает, что власть не просто слушает, но и слышит. Гражданские советы в ряде городов помогают выявлять местные проблемы (образование, здоровье, безопасность, бизнес) и работать над их решением совместно с властями.

Казахстан — это более 100 этнических групп, говорящих на разных языках и следующих различным традициям. Но межэтнические отношения регулируются законодательно, есть концепции и практики, направленные на укрепление дружбы народов, взаимного уважения, сохранения культурного многообразия. В городах и районах люди разных национальностей учатся вместе, работают вместе, участвуют в общих культурных мероприятиях, праздниках. В быту проявляется уважение к обычаям друг друга — в языках, кухне, семейных традициях. Это создаёт атмосферу доверия и спокойствия, когда даже в разных жизненных ситуациях (на работе, в школе, на улице) ощущается: сосед — не чужой, а часть общей казахстанской семьи.

Молодые люди — важный связующий элемент. Они учатся, становятся предпринимателями, активистами, влияют на общественную жизнь с помо-



щью социальных сетей, волонтерства, культуры. Они видят, что государство стремится к более прозрачному управлению, слышит голос граждан, и хотят участвовать, а не просто ждать. Больше инициатив, проектов, где молодёжь — не просто получатель, а создатель.

Конечно, путь не лёгкий. Есть задачи:

- Повышение занятости в регионах, особенно среди молодёжи.

- Достижение равного доступа к качественному образованию и здравоохранению, особенно в сельской местности.

- Усиление доверия между местными властями и населением — через честность, открытость, доступность.

- Сохранение мира и согласия в многонациональном обществе, особенно в периоды экономических и социальных трудностей.

Но возможности велики:

- Цифровизация открывает новые способы связи и обслуживания граждан.

- Прямые выборы акимов дают возможность влиять на местную политику.

- Национальные проекты и стратегии создают рамки и ресурсы для устойчивого роста.

- Молодёжь с её энергией, идеями, готовностью к новым технологиям может стать катализатором перемен.

Мирная жизнь, плод дружбы народов — не просто тема газетной полосы. Это то, что формируется каждый день — в правительственных решениях, работе акимов, в отношении друг к другу. Для молодёжи и взрослого населения это шанс быть частью страны, в которой можно жить в мире, развиваться, строить своё будущее.

Каждый из нас — студент, рабочий, предприниматель, учитель, врач — вносит свой вклад: в понимание, в терпимость, в инициативу. Если государство создаёт условия — а вот уже много что делается — наша задача — не отставать, поддерживать, участвовать, беречь эту дружбу и мир.

Е.ПРАВОВА,
член информационно-
разъяснительной группы,
специалист КГУ «Қоғамдық
келісім» г. Сатпаев.

26-қазан – Сәтбаев қалалық мәслихатының шығып қалған депутаттарының орнына сайлау күні

Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаттығына үміткер Руслан Серікұлы ИСАБАЕВТЫҢ сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫ

БІРГЕ ДАМИМЫЗ, БІРГЕ ӨСЕМІЗ!

Сәтбаев қаласының әр тұрғыны – осы өңірдің ертеңі бірге қалыптастыратын маңызды тұлға. Сондықтан әрбір азаматтың үні естілуі тиіс.

Мен, «Respublica» партиясының партиялық тізімі бойынша №12 сайлау округынан Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаттығына үміткер, Сіздердің сенімдеріңізге ие болып, жергілікті халықтың мұң-мұқтажын жеткізуге және қоғам игілігі үшін еңбек етуге ниеттімін.

Егерде сіздердің сенімдеріңізге ие болып, Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаты болып сайлансам, тәжірибем мен білімді, ерік-жігерімді жұмсай отырып, төмендегідей өзекті мәселелердің оң шешімін табуға атсалысамын:

- Жасанды Интеллект дәуірінде оқушылар сапалы білім алу үшін Сәтбаев қаласындағы мектептерде заманауи IT-сыныптар мен шеберханалардың ашылуына ықпал ету;

- Балаларға арналған тегін үйірмелер мен қосымша білім беру орталықтарының санын көбейтуге бастама жасау;

- Сәтбаев қаласында ашық спорт алаңдарын көбейту, қолданыстағы нысандарды жөндеу және жастар арасында бұқаралық спортты дамыту үшін соңғы үлгідегі футбол, волейбол, баскетбол мен «Workout» алаңдарын салуға ұсыныс енгізу;

- Сәтбаев қаласында орналасқан мәдениет үйлері мен кітапханалардың жұмысын жандандыру және мәдениет саласына жергілікті кәсіпкерлерді тарту арқылы демеушілік жүйесін дамыту;

- Сәтбаев қаласында бизнеске қолайлы жағдайлар жасап, өнім шығаратын жаңа кәсіпорындар мен заводтарды ашу арқылы жұмыссыздық деңгейін төмендетуге ықпал жасау;

- Халықтың өмір сүру деңгейін көтеру мақсатында кешенді шараларды қолдана отырып, оның ішінде соғыс және тыл, еңбек ардагерлеріне, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі жандар мен жетім балаларға қолдау көрсетіп, заңнамалық тұрғыда азық-түлік пен дәрі-дәрмек бағаларының негізсіз көтерілуіне қатаң депутаттық бақылау орнату;

- Сәтбаев қаласындағы жағдайы нашар, тозығы жеткен жолдар мен аялдамаларға жөндеу жұмыстарын жүргізуге бастама көтеру

Менің басты мақсатым – Сәтбаев қаласының әлеуметтік-экономикалық әлеуетін көтеріп, әр отбасының тұрмыс сапасын жақсартуға үлес қосу.

Сіздердің сенімдеріңізді ақтау үшін әрбір ұсыныстарыңызды тыңдап, мәслихат қабырғасында нақты шешім қабылданына ықпал етемін.

«Respublica» – Әр азамат маңызды! Әр пікір ескерілді!

«Respublica» - Жаңа адамдар – Жаңа қадамдар!

(Республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді)



26 октября — День выборов депутатов Сатпаевского городского маслихата вместо выбывших

Предвыборная ПРОГРАММА кандидата в депутаты Сатпаевского городского маслихата Руслана Сериковича ИСАБАЕВА

РАЗВИВАЕМСЯ ВМЕСТЕ, РАСТЁМ ВМЕСТЕ!

Я, кандидат в депутаты Сатпаевского городского маслихата по партийному списку партии «Respublica» от избирательного округа №12, стремлюсь завоевать ваше доверие, чтобы представлять интересы населения и работать на благо общества.

В случае избрания депутатом Сатпаевского городского маслихата, я приложу все усилия, знания и опыт для решения следующих актуальных задач:

* Способствовать открытию современных IT-классов и мастерских в школах Сатпаева, чтобы школьники получали качественное образование в эпоху искусственного интеллекта;

* Инициировать увеличение количества бесплатных кружков и центров дополнительного образования для детей;

* Продвигать проекты по строительству новых и ремонту существующих открытых спортивных площадок, а также создание современных футбольных, волейбольных, баскетбольных и workout-площадок для развития массового спорта среди молодежи;

* Активизировать работу домов культуры и библиотек города Сатпаев, развивать систему спонсорства в сфере культуры через привлечение местных предпринимателей;

* Содействовать созданию благоприятных условий для бизнеса, открытию новых производственных предприятий и заводов, тем самым снижая уровень безработицы;

* Внедрять комплексные меры по повышению уровня жизни населения, включая поддержку ветеранов войны и труда, малообеспеченных и многодетных семей, людей с ограниченными возможностями и детей-сирот. Обеспечить депутатский контроль за необоснованным ростом цен на продукты питания и медикаменты;

* Инициировать ремонт ветхих дорог и остановок общественного транспорта в городе Сатпаев.

Моя главная цель — способствовать повышению социально-экономического потенциала города Сатпаев и улучшению качества жизни каждой семьи.

Я открыт к вашим предложениям и готов содействовать принятию конкретных решений в стенах маслихата.

«Respublica» — Каждый гражданин важен! Каждое мнение услышано!

«Respublica» — Новые люди — Новые шаги!

(Оплачено из средств республиканского бюджета)

ҚАЛАЛЫҚ АУМАҚТЫҚ, УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМДАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 10 бабына сәйкес, қалалық аумақтық сайлау комиссиясынан 2 мүшесінің, учаскелік сайлау комиссияларынан 34 мүшелерінің өз міндеттерінен босатылуына байланысты, «Жезқазған қалалық мәслихатының 2023 жылдың 26 желтоқсандағы №13/75 «Қалалық аумақтық сайлау комиссиясының жаңа құрамын сайлау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы»;

«Жезқазған қалалық мәслихатының 2023 жылдың 26 желтоқсандағы №13/76 «Учаскелік сайлау комиссияларының жаңа құрамын сайлау туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешімдерімен:

Қалалық аумақтық сайлау комиссиясына

- Ильяшева Таңшолпан Тосынбайқызы
- Төлеу Амина Өтегенқызы

№1 учаскелік сайлау комиссиясына

- Нысанбаева Айнура Абиляжановна
- Апеннова Жансұлу Қанатқызы
- Избасова Шолпан Жолаушиевна

№3 учаскелік сайлау комиссиясына

- Бакибаева Алмакул Уахитовна

№4 учаскелік сайлау комиссиясына

- Садуова Карлыга Алиевна

№7 учаскелік сайлау комиссиясына

- Байгазиева Жангуль Сейтмағзумовна
- Мукашева Кульпаш Байзадиновна
- Хамитова Саягуль Сейтмағзумовна

№9 учаскелік сайлау комиссиясына

- Мусина Жанар Жанабаевна

№10 учаскелік сайлау комиссиясына

- Кзырова Гулшат Абдимажитовна

№11 учаскелік сайлау комиссиясына

- Бейсембаева Алтынай Кошановна

№13 учаскелік сайлау комиссиясына

- Матаева Лайла Буралхияевна

№14 учаскелік сайлау комиссиясына

- Керімбеков Нуртаза Смагулович
- Айтжан Асылтас Мухамбетқалиқызы

№17 учаскелік сайлау комиссиясына

- Абдикалыкова Аймереке Абдикаликовна

- Кулжабаева Сымбат Кусаиновна

- Мауленова Айгуль Абдурасиловна

- Досжанова Гуьнур Сериковна

№18 учаскелік сайлау комиссиясына

- Ауелова Меруерт Ауеловна

№20 учаскелік сайлау комиссиясына

- Кыдырманов Казбек Сабырович

- Тапишева Светлана Бекеновна

№24 учаскелік сайлау комиссиясына

- Дәнилэ Никита Данилович

№25 учаскелік сайлау комиссиясына

- Жумадилова Шолпан Ефимовна

- Бейсенбекқызы Меруерт

№28 учаскелік сайлау комиссиясына

- Дүйсен Лаура Боранбайқызы

№29 учаскелік сайлау комиссиясына

- Абишева Кенжегуль Скакбековна

- Караходжаева Гульмираш Абдрашитовна

№30 учаскелік сайлау комиссиясына

- Бакирова Светлана Сейтказиновна

№31 учаскелік сайлау комиссиясына

- Кузиков Айбек Улыбекович

№32 учаскелік сайлау комиссиясына

- Жолдыбаева Шынар Акишевна

- Кикбаев Ықылас Ибрагимұлы сайланды.

Жезқазған қалалық мәслихаты

ҰЛТТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ

ҮЗДІК КӨРСЕТКІШТІ ИЕЛЕНДІ

Елімізде 2025 жылғы тамыз айында басталған Ұлттық ауыл шаруашылығы санағының бірінші кезеңі аяқталып, енді 20 қыркүйек пен 20 қазан аралығындағы екінші кезеңі офлайн форматында жалғасуда. Облыс әкімінің орынбасары Жәнібек Нәпіровтің төрағалығымен Ұлттық ауыл шаруашылығы санағын өткізу жөніндегі өңірлік комиссияның отырысы өтті. Іс-шараға ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының орынбасары Әсел Шәуенова қатысты.

Ұлытау облысында жалпы Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы белсенді жүргізілуде. Өңірлік комиссия отырысында мәлім болғандай, облыс онлайн форматында өткен санақтың бірінші кезеңінің қорытындысы бойынша ең үздік көрсеткішке ие болып отыр. Санақ науқанының нәтижелерін баяндау барысында Ә. Шәуенова бұл жөнінде атап айтты.

— Ұлытау өңірі санақта онлайн форматтағы қамту бойынша жоғары деңгейге жетіп отыр. Ұйымдастырылған шаруашылықтар арасындағы көрсеткіш 99,6%, ал жеке және қосалқы шаруашылықтар арасында 48,2% болды. Бұл республика бойынша ең үздік көрсеткіштердің бірі, - деді Ұлттық статистика басшысының орынбасары.

Облыс әкімінің орынбасары Ж.Нәпіровтің баяндауы бойынша санақ жұмыстарының тиімді жүргізілуі үшін әкімдік тарапынан бірқатар қолдау шаралары іске асырылған. Ауылдық округ әкімдіктерінде өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары жасақталып, интернетке қосылған компьютерлер қойылды. Тұрғындарды ақпараттандыру мақсатында билбордтар, баннерлер жабдықталып, әлеуметтік желілерде бейнероликтер мен ақпараттар жариялан-



ды. Қала және аудан әкімдіктері санаққа қатысушылардың елді мекендерді аралауына мүмкіндік жасап, көлікпен қамтамасыз етті. Кейбір ауданда демешілердің қолдауымен интервьюерлерге қосымша еңбекақы төленіпті. Жезқазған қаласында интервьюерлерге тегін жол жүретін құжаттар берілді. Басқа да қажетті шаралар ұйымдастырылған.

Бүгінгі күнге дейін Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданында жеке қосалқы шаруашылықтар бойынша санақ жұмыстары толық аяқталды. Бұл көрсеткіш өңірдің Ұлттық ауыл шаруашылығы санағын ұйымдастырудағы жоғары деңгейін айқындап отыр. Жалпы, еліміздің аграрлық секторының болашақ дамуына оң ықпалын тигізетін маңызды науқанның облысымызда ойдағыдай өтетініне сенім мол.

Амандық РАХҰЛЫ

ЗЕРДЕ

Жаңаарқа ауданындағы Ақтүбек ауылы ежелден белгілі елді мекендердің бірі. Сарысудың сағасындағы халықтың құтты қонысы болған бұл өлке тағдырдың талай сынын бастан өткерген. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманының да ізі бар бұл өңірде. Сол кезеңнен жеткен ел билеген көсемдер, ділмарлығымен дараланған шешендер, еліне қорған болған батырлар туралы ел ішінде әңгіме-деректер аз емес. Солардың бірі Қоқан хандығының езгісіне қарсы көтерілген қазақ жасақтары арасында ерлік ісімен танылған Бәйеш батыр. Ақтүбектің солтүстігіндегі 5 шақырымдай жердегі шоқыны жергілікті жұрт қадыр тұтып Бәйешкең дейді. Биіктігі 509 метр болатын осы биік төбенің басындағы күмбезделіп көтерілген шошақ бейіттің салынғанына 175 жыл болыпты. Халқы қадірлеген Бәйеш батырдың бейіті осы.

Қазақ халқының басынан өткен аласапыран кезеңдер мен азаттығын сақтау жолындағы күресте жоңғарлармен болған соғыс жайлы кеңінен айтылады да Қоқан хандығымен арадағы ұрыстарымыз төңірегінде аса көп ашып айтыла бермейді. Бәйеш батыр туралы жазбамызда тарихтың осы бір тұстарын да таразылап, шола кетуді жөн көрдік. Өткен тарихқа көз салсақ, Қоқан хандығы Ферғана жазығында 18-19 ғасырларда болған мемлекет екенін білеміз. Қоқандықтар өздерін Шыңғыс ханның ұрпағымыз деп санаған. Бұл хандықтың негізін салушы Шахрух би 1710 жыл шамасында Бұхар хандығынан тәуелсіз болу ниетімен алғашқыда кішігірім иелік құрады. Кейін оның немересі Ерденбек би тұсында жүргізілген жаулап алушылық нәтижесінде Қоқан хандығының құрамына Әндіжан, Наманган, Маргелан иеліктері қосылады. Бұхар хандығы 1758 жылдан бастап бұларды мүлдем дербес мемлекет деп қарады. Қоқан хандығы 19-ғасырдың бірінші жартысында билеушісі Әлім хан, кейінірек Омар хан болған, одан соң Мұхаммед Әлі (Мәделі) хан тұсында дәуірлеп тұрады. Саяси жағынан нығайюмен қатар, аумағын ұлғайтып, Ташкент, Ходжент, Дарбаза, Куляб, Алай өңірлерін өзіне қаратып алған еді. Жойқын ұрыс сала жүріп Қоқан хандығы 1808-1815 жылдары Абылай хан ұрпақтарының қарамағындағы Шымкент, Түркістан қалаларын да жаулап алды. Қоқандықтар 19-ғасырдың 1820 жылына қарай орта жүз бен кіші жүз қазақтары қоныстанған Арал теңізінен бергі Шу, Іле өзендеріне дейінгі аралықты да басып алып, өздеріне қарауға мәжбүр етті. Сырдария бойында Дінқорған, Қошқорған, Жаңақорған, Шымқорған, Шудың бойында Тоқмақ, Пішпек, Меркі, Сарысуда – Қаражар, Төртқұман, Ұлытау бекіністерін салдырды. 1826 жылы Әулиеата бекінісінің негізі қаланды. Қоқан билеушілері осы бекіністерінің төңірегінде көшіп-қонып жүрген қазақ ауылдарына алым-салық төлеткізетін болды. Мәселен, қазақтар жылына түңлік басы 6 қой, 24 қап көмір, 4 өгіз арба сексеуіл, 100 бау қамыс тапсыруға міндетті болды. Ал, егіншілер егін өнімінің үштен бірін Қоқан хандығының қазынасына төлеуге тиісті еді. Сонымен қатар, қару ұстауға жарайтын әрбір қазақ қоқан бектерінің қол астында әскери қызмет атқаруға міндеттелді.

БӘЙЕШ БАТЫР



Осындай езгіге қарсы қазақ халқы талай рет бас көтергенмен, дұрыс ұйымдастырылмағандықтан жеңіліске ұшырап жүрді. Мәделі ханның билігі кезеңінде халық наразылығы тіпті күшейе түскен еді. Осы кезде Арқа қазақтары да бірлесе ұйысып, батырларын сайлап жауға қарсы аттанады. Біз сөз еткелі отырған Бәйеш Есенкелдіұлы да алпыс шақты сарбазды бастап барып, қоқандықтарға қарсы ұрыстардың белортасында болады. Әкесі Есенкелді жау қолынан қаза тапқанда Бәйеш 14 жаста екен. Бір жағы әке кегін қайтаруға да бекінген болар. Қолдағы деректер бойынша Бәйеш 1809 жылы туған. Әкесі Есенкелді Ізбасарұлы Алсай болысының биі мен старшыны атанған, өте бай адам болған. Бәйеш те ел билігіне ерте араласып, Алтай – Алсай болысындағы Бигелді руының старшыны қызметін атқарса, бұдан бір-екі жас үлкен ағасы Ақпан сол рудың биі болған көрінеді. Ел арасында Ақпан, Бәйеш есімдері үлкен құрметпен қатар аталады. Бәйеш 1837 жылдың 18 қыркүйегінде болыс билеушісі болып сайланады.

Архив деректері бойынша 20 жылдай

билік құрған Мәделі ханның кезінде Қоқан хандығының иелігінде 150 мыңдай қазақ отбасы болыпты. Қоқан хандығының езгісіне қарсы Сырдария, Шу, Сарысу бойындағы өңірлерден қол бастап шыққан қазақ батырларының арасында Бәйеш батыр да ерекше батылдығымен көзге түсіп, бірнеше қиянкескі ұрыстарға қатысады. Беріспей шайқасып, жау шебін ығыстыра түседі. Оңтүстік өңірдегі осындай ұрыстардың бірінде ол ауыр жараланады. Өзінің енді қатарға қосыларынан үмітін үзген батыр айбалтасымен бір саусағын шауып жіберіп бірге келген сарбаздарына аманат айтыпты дейді ел арасындағы аңызда. «Мына саусақ сендерге аманат, туған жерге апарып мен деп жерлендер. Бәрібір бұл жерден денемді елге дейін жеткізе алмайсыңдар», - депті. «Ерліктерің мен бірліктеріңді сақтандар» деп өлер алдында Бәйеш батыр өсиет айтыпты деген де сөз бар.

Жаздың ыстық күндері болса керек. Батырдың денесін алыс жерден жеткізу мүмкін болмағандықтан сол жақта жерлейді де Арқа жерінен барған сарбаздар батырдың аманат саусағын туған жеріндегі ең биік шоқының басына

әкеліп қояды. Құйған кірпіштен күмбездеп бейіт тұрғызады. Жазықта өскен біз бұл шоқыны бала кезімізде тау дейтінбіз. Биіктігі 509 метр болатын осы төбеден Сарысу өзені төрт шақырымдай қашықтықта. Сол заманда ешкі сүті мен қыл қосылып құйылған кірпішті биік шоқының төбесіне дейін тізбектеліп тұрған халық бір-біріне қолдан қолға беріп, мәнерлеп қалаған дейді. Содан бері екі ғасырға жуық уақыт өтсе де батыр жатқан төбені қастерлеп құрметтейтін ел-жұрт бұл жерді «Бәйешкең» дейді. Осы төбенің оңтүстікке қараған баурайында ертеде «Желкеқұдық» деген қыстау болатын. Мал шаруашылығында еңбек еткен біздің үй 1962-1963 жылдары болу керек, бір-екі жылдай «Желкеқұдықта» қыстағаны бар. Сол уақытта ойын баласымыз ғой, төбе басына жүгіріп шығып жүріп, батыр баба туралы әңгімені әкейден де сан мәрте естіген едік. Бейітке жерленген батырдың саусағы ма, өзі ме, ол туралы ел арасында айтылатын осы аңыз әңгімеден басқа ақиқатын ешкім айта алмайды. Анығы – бұл Бәйеш батырға көтерілген бейіт.

Осыдан екі-үш жыл бұрын Бәйешкең басына барып құран бағыштап, бейітін суретке түсірген едім. Жарықтық батырдың мәңгілік мекені қаншама жылдан бері жаңбыр мен желдің өтінде тұрғанымен, күмбезінің бір жақ шетінің құлағаны болмаса негізгі кейіпін әлі де сақтап тұр екен. «Бәйеш Есенкелдіұлы 1809-1849. Арғын – Алтай – Алсай. Ізбасар батыр немересі. Ол – ел үшін туған ер, халқына қорған болған батыр» деп жазылыпты бейіт басындағы құлпытасында. Дегенмен, белгілі тұлғаның бейітінің тозығы жетіп тұрғаны ойландырады.

Қазақ халқы өткен ғасырларда небір аласапыран заманның талайын бастан өткергені тарихи оқиғалардан мәлім. Жоғарыда айтылғандай, бір бүйірден сүлікше қадалған Қоқан хандығы да қазақ жеріне айтарлықтай ауыртпалық әкеліп, халықтың бұл езгіге қарсы жиі-жиі бас көтеруіне ұласса, ақырында арғы жақтан Бұхар әмірінің соққысы, бергі жақтан Орта Азия хандықтарын бағындыруға келген Ресей әскерлерінің араласуымен басқыншы-билеушілер әлсіреп тынған болатын. Елі үшін, атамекен жері үшін болған шайқастарда ел ішінен дараланып көрінген батырларымыз да аз емес. Халқы қадірлеп өткен Бәйеш батыр солардың бірі екені анық. Ендігі кезекте көңілге кептелген ой – тарихымызды түгендеп, рухани жаңғыру амалдарын жасар болсақ, батыр баба бейітін жаңартып жөндеп, келісті кесенеге айналдырған жөн сияқты. Бұл жөнінде жергілікті жердегі қоғамдық ұйымдар мен ел азаматтары қозғау салып, сауапты істі ұйымдастыруға атсалысса артық болмас деп ойлаймыз.

Амандық РАХҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті
журналисі.

Қазақстан халқы Ассамблеясының облыстық Аналар кеңесі «Адал азамат: кәсібилік пен даналықтың шыңы» атты салтанатты іс-шара өткізді. Отбасы берекесін дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған шараның тізгінін облыстық Аналар кеңесінің төрағасы Гүлбану Сейтжанова ұстап, ел ішіндегі бірлік пен ынтымақты нығайтуда үлгілі отбасыларының орыны аса маңызды екеніне тоқталды.

ОТБАСЫ ӨНЕГЕСІ ДӘРІПТЕЛДІ

Үлгілі отбасын құру қоғамда ерекше маңызға ие екені белгілі. Осыған орай Ассамблея аналары отбасылық дәстүрлі құндылықтарды сақтап, рухани-адамгершілік тәрбиені өрістету бағытында әртүрлі шараларға ұйтқы болуда. Игі бастамаға арқау болған шараға облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Бақытжан Жайлаубаев қатысып, ізгі тілегін білдірді.

Дәстүрлі шараға қатысты байқау комиссиясының қорытындысы бойынша «Алтын шаңырақ» номинациясымен Жезқазған қаласының тұрғыны Жақуповтар отбасы марапатталды. Жамкөн ақсақал мен Бибатима әжей 67 жыл тату-тәтті ғұмыр кешіп 11 баланы дүниеге

әкелген, оның тоғызын аман-есен өсіріп жеткізген өнегелі шаңырақ иесі. Бүгінде бұл берекелі әулеттен 24 немере, 35 шөбере тарап отыр. «Күміс кереге» номинациясына Қаражал қаласындағы Сатановтар отбасы ие болды. Үлгілі отбасының басшысы Жанат Сатанов 20 жылдан аса мемлекеттік қызмет саласында абыройлы еңбек етіп келе жатқан азамат. Олар 3 баласын тәрбиелеп, қала тұрғындарына өнегелі істерімен танылған жанұя. «Адал азамат тәрбиелеген отбасы» номинациясы Сәтбаев қаласынан Исаевтар отбасына табысталды. Ерлі-зайыпты Еркін мен Әлия 4 бала тәрбиелеп өсіріп, адамгершіліктің биік

шыңына баули білуде. Олардың тұңғышы Айдана Еркінқызы биылғы 27 мамырда Жезқазған-Астана жолаушылар пойызында күтпеген жерден толғақ қысқан жолаушы ананы босандырып алып, ел алғысына бөленді. Жезқазған жоғары медициналық колледжін бітірген Айдана 2018 жылдан бері облыстық жедел жәрдем станциясында еңбек етеді.

Кеңгір ауылының «Ақ әжелер» ансамблінің әуезді әнімен әдіптелген шарада сонымен қатар Жезді кентінен арнайы шақырылған бір топ аналарға облыстық қоғамдық даму басқармасының Алғыс хаты тапсырылды.

Амандық РАХҰЛЫ.

ТҰЛҒА ТУРАЛЫ ТЫҢ ДЕРЕК

(Жалғасы. Басы газетіміздің №35 санында)

Бұдан кейін де ауыл молдаларынан, ел арасынан Ибрагиммен кездессең, барлық сұрағыңа жауап аласың деген сияқты сөздерді жиі ести бастайды. Миссионер: «21 тамызда Семей арқылы сахараға шықтым. Жолда Жетітау (Семитавской), Шаған, Бұғылы, Шыңғыс және Көккөл болыстарын араладым. Барлығы 30 ауылда болдым. Осы ауылдардың көбінде әңгіме жүргіздім. Мен кездескен адамдардың көбі Ибрагим Колымбаевқа жолыққаның дұрыс деп кеңес берді». Ешқандай молданың білімі мен айтқан сөзін жақтырмай, тек сынаумен келе жатқан миссионер үшін есімі аңызға айнала бастаған Ибрагиммен кездесу қызық бола бастағаны көрінеді. Ендігі ойы – Абаймен жолығу. Осылайша, «5 сентября приехал наконец и к знаменитому среди киргиз Ибрагиму Колымбаеву» дейді. Сонымен миссионер Леонид Покровскийдің естелігін сол күйінде берейік:

«5 қыркүйек күні мен қырғыздар арасында танымал Ибрагим Колымбаевқа ақыры жеттім. Ибрагим менімен алғашқы сөзден-ақ дін туралы пікірталасқа кірісті. Ол былай деді: әлем жаратылғаннан бері адамдар арасында сенім туралы дау-дамай тоқтаған емес, әркім өз сенімінің ғана шынайы екенін айтады, бірақ ешкім ешкімге нақты дәлел келтіре алмаған, сондықтан әр адамды өз сенімінде қалдырған дұрыс емес пе?

Мен оған қарсы пікір білдірдім: сенім әртүрлі – кейбіреуі ғылымды менсінбейді, басқа дін өкілдеріне өшпенділікті насихаттайды, әйелге жабайы, айуандық қатынасты уағыздайды, адамды қажетсіз, ұсақ-түйек рәсімдердің құлына айналдырады, тіпті өзге сенімдегілерге қарсы қасиетті соғыс жүргізуді де насихаттайды. Мұндай дін адамзат үшін зұлымдық шығар, онымен күресу керек. Сондықтан әркімді өз сенімінде қалдыруға болмайды, керісінше, жалған сенімге ергендерді оны тастауға сендіру қажет.

Ибрагим бұған толыққанды дайын жауабы бар екенін айтты, бірақ алдымен басқа бір ойды жеткізгісі келді. Ол былай деді: Адам өмірі ұйқыға ұқсайды. Мысалы, ұйқы кезінде адам байқаусызда баланы басып кетсе – бұл оның кінәсі емес. Ол оянады, ар-ұжданы таза, бұл қателік үшін Құдай да жазаламайды. Жер бетінде өмір сүріп жүрген адам да ұйқыдағыдай бейсана күйде болады, ол өледі, кейін қатты қателескенін түсінеді, бірақ бұл қателігі білместіктен болғандықтан, ар-ұжданы мазаламайды, Құдай да жазаламайды. Сондықтан адамның жалған дінге сенуі маңызды емес – ол үшін жазаланбайды.

Мен молдаға қарсы шығып: адам өмірін ұйқыдағы адамның бейсаналық күйімен салыстыруға болмайды. Адам өмірінің мәні – оның саналы және еркін болуында. Адам туа біткен



ар-ұят сезімі арқылы жақсылық пен жамандықты ажырата алады, әрбір әрекеті үшін алдымен ар-ұжданы алдында жауап береді. Жаман әрекеттің себебі – білместік емес, адамның бұзылған табиғаты. Адам – бейсана машина емес, ақыл-ойы бар, еркін тіршілік иесі, өз әрекеті үшін жауапты. Адам өмірін ұйқымен, оның әрекетін ұйқыдағы қозғалыспен салыстыру – адамды адамдық қадір-қасиетінен айыру, оны машина деңгейіне түсіру.

Мүмкін бұл көзқарас исламдағы Құдай туралы түсінікпен — әлемдегі жалғыз әрекет етуші күш, жақсылық пен жамандықтың жалғыз себепкері, адамның әрбір әрекеті мен ақыреттегі тағдыры Құдай тарапынан алдын ала белгіленген деген ұғыммен сәйкес келетін шығар. Бірақ христиан діні адамның моральдық әрекеті туралы мүлде басқаша үйретеді. Мен оған жердегі өміріміз – болашақ өмірге дайындық екенін, ақыреттегі тағдырымыз осы өмірге байланысты екенін егжей-тегжейлі түсіндірдім. Сондықтан әрбір әрекетіміз мұқият ойластырылуы керек, адамның ұстанатын діні де терең зерттелуге тиіс. Егер оның айтқанындай ойласақ, онда адам жасаған кез келген жаман әрекет, қылмыс пен зорлық – ешқандай айыптауға немесе жазаға лайық болмайды.

Ибрагим менің айтқанымды жақсы түсінді, бірақ өз теориясынан бас тартқысы келмеді. Мен христиандық көзқарасты түсіндіре отырып, ислам ілімінің адамгершілік сезім мен ақылға қайшы келетін тұстарын

атап өттім. Сонда Ибрагим исламды қорғағысы келмейтінін айтты. Ол былай деді: Мен – шынайы мұсылманмын, бірақ сіз ойлағандай емеспін. Ислам үйрететін көп нәрсені мойындамаймын. Құран қатты бұрмаланған, онда шындық пен жалғанды ажырату қиын. Мұхаммед пайғамбар ешқашан қасиетті соғыс туралы үйреткен емес, ол әрдайым ғылыммен айналысуды қолдаған, барлық адамға махаббатпен қарауды насихаттаған.

Діни төзімсіздік – кейінгі молдалардың, әсіресе түріктердің, өз билігін сақтау үшін ойлап тапқан нәрсесі және татарлар – орыс билігіне бодан болып, одан құтылу арманынан туған. Қазан медреселері – мұсылман еместерге деген өшпенділікті насихаттайтын басты орталық. Түркияда, Арабияда, Парсыда — Қазандағыдай фанатизмді насихаттамайды. Қазіргі кезде ислам ілімі ең қатты бұрмаланып жатқан жер – Қазан.

Орыстар исламды жеткілікті білмейді, оның тереңдігін түсінбеген. Көпшілігі исламды аудармалар арқылы оқиды, ал барлық аударма, соның ішінде Г.Саблуковтікі – өте қате. Мен, – дейді Ибрагим, – Мұхаммед пайғамбар қалдырған ислам дінінің шынайы нұсқасын қалпына келтірумен айналысып жүрмін. Мен өлгеннен кейін мұсылмандар еңбектерімді оқиды, мүмкін менің ісімді жалғастыратындар табылар.

Мен Ибрагимнің үйінде түнедім. Көптеген мәселені талқыладық. Ол

өте көп оқыған, тіпті философтарды да оқыған, бұл білімін де жасырған жоқ. Мысалы, граф Лев Толстой туралы үлкен мақтаумен айтты, оны ислам туралы көзқарасты бөлісетін адам деп санайды. Әкей Иоанн Кронштадтский туралы «біздің әкей Иоанн» деп атайды. Христиан діні туралы өте ұстамды сөйлейді. Ал исламда көп нәрсені сынға алады. Семейлік молдаларды – білімсіздік пен фанатизм үшін айыптайды.

Келесі күні Ибрагимнің үйінен шығып, тағы бес ауылға бардым. 12 қыркүйекте аман-есен үйге оралдым.

Миссионер, священник Леонид Покровский».

Абай Құнанбайұлының бізге белгілі өмір жолын сараласақ, 1896 жылы ақын өмірінде маңызды бетбұрыс болғанын көреміз. Бұл кезеңде ол болыстық қызметін аяқтап, қоғамдық-саяси істерден бойын аулақ ұстай бастайды. Сол уақыттан бастап Абайдың рухани және философиялық ізденісі тереңдей түседі. «Ғақлия» аяқталып қалған. Миссионер Леонидпен де әңгімесінде «Мен, Мұхаммед пайғамбар қалдырған ислам дінінің шынайы нұсқасын қалпына келтірумен айналысып жүр-мін. Мен өлгеннен кейін мұсылмандар еңбектерімді оқиды, мүмкін менің ісімді жалғастыратындар табылар», дегенін үлкен толғаныста жүргенін байқау қиын емес. 1896 жылдан кейін дін мәселесіне толыққанды отырғанын байқауға болады. Профессор Асан Омаровтың «Абай: ашылмай келген қырлары» монографиясында айтылғандай: «Сенім – ақыл-ойдың, танымның өнімі. Егер таным таяз болса, иман да әлсіз. Сондықтан өзінің квинтэссенциялық күрделі еңбегі – 38-қара сөзін Абай «Ықыласпен оқып, ұғып алыңыздар, оның үшін махаббатың толады» деп бастап, Алла Тағаланың болмысын зерттеуді қолға алады. Әлемдік теология саласына қомақты үлесін қосады», дейді. Ғалымның пікірінше «Ғақлия-тастидиқат» немесе 38-қара сөз 1899–1902 жылдар аралығында жазылған. Яғни христиандандыру үдерісі, мұсылмандардың ислам дінін ұстауы, кем-кетігі барлығы ұлы Абайды ойландырмай қоймаған. Осы толғаныс нәтижесінде 38-қара сөзі дүниеге келген. Хакім Абай дүр жауһар сөздерімен ғана емес, сонымен қатар дін Ислам үшін күрескен жан ретінде де тарих бетінде қалады. Миссионерлермен кездесіп (архимандрит Сергей, Иоанн Никольский, Леонид Покровский), олармен терең пікірталасқа түсіп, әр уақытта абыроймен шығып отырғаны Абай бейнесін одан әрі асқақтата түскендей.

Саят БАЙМҰРАТҰЛЫ,
Астана халықаралық
университеті Өнер және
гуманитарлық ғылымдар
жоғары мектебінің деканы.
Egemen Qazaqstan,
04 Қыркүйек, 2025 жыл.

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

АЗАМАТТАРМЕН ДИАЛОГ: АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ЖЕДЕЛ КӨМЕК

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкілдігінің маңызды міндеттерінің бірі – қиын жағдайға тап болған азаматтармен тікелей байланыс орнату болып табылады. Мұндай диалог азаматтардың шағымдарына жедел жауап беруге және құқық бұзушылықтарды жою мақсатында тиісті мемлекеттік органдарға өтініш жіберуге мүмкіндік туғызады.

Өкілдік азаматтармен тұрақты кездесулер мен қабылдау сеанстарын ұйымдастырады, ол жерде халық өздерінің шағымдарын, сұрақтарын және ұсыныстарын айтады. Бұл жұмыс форматы құқық бұзушылықтардың жедел анықталуына, мысалы, бостандықтары шектеулі тұлғалардың ұстау шарттарындағы мәселелерге, медициналық көмекке қолжеткізудің қиындықтарына немесе заңгерлік көмекке қажеттілікке байланысты жағдайларды реттеуге септігін тигізеді.

Қабылдау кезінде мамандар азаматтарға консультациялық көмек көрсетеді, олардың құқықтары туралы түсінік береді және қажет болған

жағдайда арызды тиісті органдарға бағыттайды. Бұл тәжірибе мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар мен азаматтар арасында бірлескен әрекеттерді дамытуға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға ықпал етеді.

Өкілдіктің азаматтарға ашықтығы мен қолжетімділігі құқық бұзушылықтарды жоюға ғана емес, сондай-ақ халық пен мемлекеттік органдар арасындағы өзара сенімді нығайтуға ықпал етеді.

А. КАРИМОВ,
Адам құқықтары жөніндегі
уәкілдің Ұлытау облысы
бойынша өкілі.

ЗАҢ НЕ ДЕЙДІ?

БАНКРОТТЫҚҚА ЖҮГІНУ ТӘРТІБІ

2022 жылдың 30 желтоқсанында Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» ҚР Заңына қол қойды. 2023 жылғы 3 наурыздан бастап eGov.kz электрондық үкімет порталы арқылы және eGov Mobile мобильді қолданбасында аталған рәсімге өтінімдер қабылдау басталды.

Заң рәсімінің үш түрін қамтиды: соттан тыс банкроттық, сот арқылы банкроттық, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру. Рәсімнің әр түрінің өтінім беру кезінде қарыз алушы сәйкес болуы тиіс шарттары бар.

Сот арқылы банкроттыққа өтінім беру үшін өтініш берушінің барлық кредиттер бойынша 1600 айлық есептік көрсеткіштен асатын берешегі болуы тиіс.

Банкроттықтың бұл түрі борышкердің егер кепіл мүлкі ретінде қойылмаған болса, жалғыз баспанасын қоспағанда, одан өзге барлық мүлкі сауда-саттыққа шығарылатынын білдіреді. Осы рәсімді қолдану барысында борышкерге төмендегілерге тыйым салынады:

Мүлікті иеліктен шығару немесе жаңа міндеттемелер қабылдау бойынша мәмілелер жасау (қарыздар алу, кепілдіктер мен кепілгерліктер беру), шетелге шығу.

Аталған рәсім қолданылғаннан кейін борышкерге «банкрот» мәртебесі беріледі. Өтінімге қоса, берешек сомалары және олардың туындау күні көрсетілген барлық кредиторлар мен дебиторлар тізбесі, банкрот деп тану туралы өтінішпен жүгінгенге дейін алты айдан кешіктірмей жасалған борышкердің мүлкінің тізімдемесі, оның бағалануы туралы есепті қоса беру, сот арқылы

банкроттық рәсімін қолдану туралы өтініш берілгенге дейінгі соңғы үш жылдағы азаматтық-құқықтық және өзге де міндеттемелердің тізбесі, оның ішінде талаптары борышкер мүлкінің кепілімен қамтамасыз етілген міндеттеме бойынша, борышкердің банктік қарыз шарты және микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті реттеуді жүргізу жөнінде шаралар қолданғанын растайтын құжаттың көшірмесі берілуі қажет.

Өтінімді eGov.kz электрондық үкімет порталы арқылы беруге немесе тұрғылықты жері бойынша сотқа өтініш беріледі. Өтінішке барлық берешектердің тізбесін, борышкердің мерзімі өткен берешекті реттеуді жүргізу бойынша шаралар қолданғанын растайтын құжаттың көшірмесін қоса беру қажет. Банкрот мәртебесін беру салдарлары мен шаралары: 5 жыл мерзімге қарыздар мен кредиттер алуға тыйым; банкроттықты қайта қолдану тек 7 жылдан кейін, 3 жыл ішінде «банкроттың» қаржылық жағдайын тексеру. Өтінім алимент бойынша берешектерге, қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша сот арқылы өндіріп алу жағдайларына қолданылмайды.

К. ТЕМБАЕВА,
Сәтбаев қалалық сотының
бас маманы.

ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

БЕЙБІТШІЛІК ПЕН КЕЛІСІМ ЖОЛЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕРДІҢ РӨЛІ

Ұлытау өңірінің осы тәжірибесі Қазақстандағы жалпы ахуалды айқындайды: діни әралуандық мемлекеттің тұрақтылығына қауіп төндірмейді, керісінше бейбітшілік пен бірліктің мықты іргетасын құрайды.

Зайырлылық - қоғамдағы бейбітшілік пен келісімнің басты кепілі. Оның арқасында мемлекет діни тұрғыдан бейтарап қалыпта болып, барлық дінге бірдей қарайды. Ешбір дінге артықшылық берілмейді және ешкімнің сенім еркіндігі шектелмейді.

Заң үстемдігі - осының барлығының негізі. Барлық конфессиялар ортақ заңға бағынады. Бұл әділдікті қамтамасыз етіп, қоғамда теңдікті сақтайды. Егер заң баршаға ортақ болса, онда діни бірлестіктер арасында бәсекелестік емес, түсіністік пен өзара құрмет артады.

Сонымен қатар, заң үстемдігі діни экстремизмнің алдын алуға да мүмкіндік береді. Себебі кез келген ұйым заңнан тыс әрекет жасаса, ол жауапкершілікке тартылады. Бұл - қоғамдағы қауіпсіздіктің кепілі.

Қазақстанның діни саясаты халықаралық аренада да мойындалған. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін өткізу - соның бір дәлелі. Бұл жиындарда бүкіл әлемнің діни көшбасшылары бейбітшілік пен келісім мәселесін талқылап, Қазақстанды татулықтың үлгісі ретінде бағалайды.

Ұлытау облысындағы 8 конфессия мен 47 діни бірлестіктің татулықта өмір сүруі - осы саясаттың тиімділігін айқын көрсетіп отыр.

Дәстүрлі діндер қоғамды біріктіруде, адамдар арасындағы татулықты нығайтуда ерекше рөл атқарады. Ұлытау облысындағы діни ұйымдардың бейбіт қатар өмір сүруі Қазақстандағы толеранттылық дәстүрінің берік екенін дәлелдейді.

Зайырлылық пен заң үстемдігі - бейбітшілік пен келісімнің басты кепілі. Оларсыз тұрақтылық орнамайды. Сондықтан әрбір азаматтың міндеті - заңды құрметтеу, ал мемлекет тарапынан басты талап - әділдікті қамтамасыз ету.

Қазақстанның басты жетістігі - халықтың діни әралуандығын ұлттық байлыққа айналдыра білуінде. Ұлытау облысының тәжірибесі осының нақты көрінісі болып табылады.

Ізтөлеу БЕКЕНҰЛЫ,
Ақпараттық-түсіндіру
тобының мүшесі.

ИНТЕРНЕТ МОШЕННИЧЕСТВО

Мошенничество - разновидность хищения чужого имущества или приобретения прав на чужое имущество путем обмана или злоупотребления доверием, злоумышленники приспосабливаются к любым новшествам.

Поэтому данный вид мошенничеств распространен не только в социальных сетях, но и на иных Интернет-сервисах посредством объявлений (OLX, Крыша, Kolesa.kz и др.).

Также действует множество микрокредитных организаций, где любой гражданин, достигший 18 лет, при наличии удостоверения личности, банковского счета и абонентского номера может получить онлайн-кредит.

Мошенники разными путями, получив банковские реквизиты (номер банковской карты, ИИН, удостоверение личности), сообщают, что якобы им должны перечислить деньги, но у самих карта заблокирована либо по иным причинам не имеется банковской карты. После получения указанных реквизитов на доверчивых граждан оформляются онлайн-займы в различных микрокредитных организациях и даже в банках.

Немало жителей области Ұлытау стали жертвами злоумышленников, которые размещают в соцсетях объявления по раскрутке счета и приумножения денежных средств с первоначальным взносом. Для получения выигрыша требуют перечислить первоначальный взнос на электронный кошелек. Далее потерпевшему сообщают, что выигрыш в букмекерской конторе состоялся и

необходимо снова пополнить кошелек, чтобы получить выигрыш. После чего мошенники блокируют аккаунт потерпевшего.

На сегодняшний день большинство преступлений данной категории совершено посредством использования банковских карт.

Мошенники, представившись представителем банка, звонят пользователю карты и сообщают, что в целях исключения блокировки и других негативных действий необходимо незамедлительно протестировать карту через банковский терминал и провести её активацию.

При выполнении дальнейших указаний мошенников, граждане сами не замечая, сообщают реквизиты банковской карты и даже ПИН-код, в результате чего с карт потерпевших списываются значительные денежные суммы.

Всем гражданам нашей области рекомендуется быть бдительными и не сообщать своих личных данных третьим лицам, не отправлять деньги посторонним без соответствующей проверки, дабы не подвергать себя опасности со стороны интернет мошенников.


С. КОЖАХМЕТОВ,
главный специалист -
секретарь судебного заседания
Жезказганского районного суда.



ОВЕН. В карьере наступает время для решительного рывка вперед. Астрологический прогноз указывает на возможность получения выгодного предложения, которое не стоит упускать. Однако звезды советуют не принимать поспешных решений в финансовых вопросах. Направьте свою кипучую энергию в мирное русло.




ТЕЛЕЦ астрологический прогноз на неделю фокусирует ваше внимание на материальном благополучии и комфорте. Это идеальное время для планирования бюджета и поиска дополнительных источников дохода. В личных отношениях наступает период стабильности.



БЛИЗНЕЦЫ. Неделя предвещает вам вихрь общения, новой информации и интересных знакомств. Ваша коммуникабельность поможет заключить важные соглашения и найти союзников. Неделя особенно благоприятен для коротких поездок и обучения. Однако в потоке информации важно не упустить главное. В любовной сфере возможны неожиданные признания.



ПАК. Гороскоп рекомендует сбавить темп и прислушаться к своей интуиции — сейчас она будет вашим лучшим советчиком. Возможны важные разговоры с родственниками, которые помогут разрешить давние вопросы. В профессиональной сфере лучше действовать осторожно и не начинать новых масштабных проектов.




ЛЕВ. Ваш шарм и харизма будут на пике, привлекая к вам всеобщее внимание. Астрологический прогноз обещает одиноким представителям знака высокие шансы на судьбоносное романтическое знакомство. Тем, кто в паре, звезды советуют внести в отношения больше игры и флирта.




ДЕВА. Неделя призывает сосредоточиться на работе, здоровье и повседневных обязанностях. Скрупулезность и внимание к деталям помогут навести идеальный порядок во всех делах. В карьере ваш труд будет замечен и оценен, но для этого придется проявить усердие.




ВЕСЫ ключевой темой гороскопа на неделю для вас станет партнерство. Это касается как деловых союзов, так и личных отношений. Ваш природный дар дипломатии поможет сгладить любые острые углы и достичь взаимовыгодных договоренностей. Ищите баланс, и вы обретете гармонию во всех сферах.



СКОРПИОН, эта неделя погружает вас в вопросы трансформации и глубокого анализа. Могут вскрыться старые тайны или прийти важные инсайты, которые изменят ваше мировоззрение. Неделя благоприятен для решения финансовых вопросов, связанных с общими ресурсами, кредитами или наследством. Ваша проницательность поможет увидеть то, что скрыто от других.



СТРЕЛЕЦ. Вас ждет удача в путешествиях, образовании и общении с иностранцами. Это прекрасный момент, чтобы начать изучать что-то новое или поделиться своими знаниями. Новые идеи и философские размышления подарят вдохновение для будущих свершений.



КОЗЕРОГ, в центре вашего внимания на этой неделе окажутся карьера и социальный статус. Ваша ответственность и целеустремленность будут вознаграждены. Четко планируйте свои действия и не отвлекайтесь на мелочи. Однако не забывайте находить время для отдыха, чтобы избежать выгорания.



ВОДОЛЕЙ, ваш гороскоп делает акцент на дружбе, коллективной работе и планах на будущее. Успех придет через взаимодействие с единомышленниками. Не бойтесь делиться своими самыми смелыми и оригинальными идеями — именно они найдут поддержку. Это отличное время для участия в общественной жизни и запуска онлайн-проектов.



РЫБЫ неделя советует вам довериться своей интуиции. Это время для уединения, творчества и духовного поиска. Ваш внутренний голос будет звучать особенно громко, давая верные подсказки. Эта неделя благоприятна для занятий искусством, медитацией или психологией. В карьере лучше действовать не напрямую, а использовать обходные пути. Прислушайтесь к своим снам — они могут быть вещими

СКАНВОРД

				Крупнее гармонии					Автопилка
Спортивная легкая обувь	①		Центр земли Тигровой	Предводитель аргонатов	Гони на управляемых санях	«Путь» по отношению к «дороге»			①
				Нравственные правила жизни					
Композитор по имени Раймонд	Оборотная сторона медали, монеты		Полузаграда			Экзотическая охота			
					Задний план картины				
	Дирижер, виолончелист России		Газетная пахта			Турок- завоеватель			
	Деревянная лента			Фигура с капота «реною»				Могучее дерево саванн	Гриф, парящий над Андами
						Великий кормчий			
				Его почтили фараоны	Лампа-вспышка (устар.)			Остров погибших кораллов	Слел арию мистера Икс
				Мнение о знаниях ученика	Дерево, роджающее сом- пидар	②			
								Отдел контроля качества	
				Символ домашнего тепла	Денежная единица Китая	Духовная семинария			
			«Пока», сказанное по-французски						
	Мани в корейском кармане	Сторонник безвластия			Точка на шкале времени				
				Давит на газ или тормоз	Национальность Будудлая	Воин придворной охраны			
Карамель «...чупс»		Комиссионное понижение							
				«... без страха и упрека»	Положе- ние мяча вне игры	Издавала долго течет в Египте			
Второй этаж по отношению к первому		Компози- тор ... Штраус							
				Немецкая машина с кольцами					
«Получка» от заливного луга		Обречен богами на голод и жажду							

Анекдоты, анекдоты...



Чебурашка нашёл копейку и спрашивает у Гены: - Гена, а копейка это мало или много? - Да ты теперь миллионер! - шутит крокодил. Чебурашка заходит в магазин, набирает много дорогих игрушек, подаёт копейку удивлённому продавцу и говорит: - Ну чего смотришь, давай сдачу!

* * *

Пьяного мужика ночью останавливает полицейский и спрашивает: - Куда идёте? - Иду на лекцию о вреде алкоголизма! - Кто же тебе её ночью читать будет? - Тёща и жена!

* * *

Гена и Чебурашка поднимают холодильник на восьмой этаж. Чебурашка запыхавшись, говорит: - Гена, у меня есть хорошая новость и плохая. С какой начать? - Начни с хорошей! - Мы уже на седьмом этаже! - А плохая? - Мы подъезд перепутали!

* * *

Сидит Гена, чете газету. Подхо-
дит Чебурашка и спрашива: - Гена,

а у тебя апельсины есть? - Нет! Через минуту опять подходит Чебурашка и спрашивает: - Гена, а у тебя апельсины есть? - Нет! Чебурашка если ты ещё раз спросишь про апельсины, я возьму молоток, гвозди и прибью тебя за уши к стене. Через минуту опять подходит Чебурашка и спрашивает: - Гена, а у тебя есть молоток? - Нет. - А гвозди есть? - Нет! - А апельсины есть?

* * *

- Как сказать по татарски вперед? - спрашивает русский у татарина. - Алга! - говорит татарин. - А как сказать назад? - У татар нет назад, они разворачиваются и алга!

* * *

- Гена, а можно я в кино схожу? - Нет Чебурашка, ты вчера сходил на фильм ужасов, так всю ночь от страха не спал.

- Не, Гена сегодня будет боевик. - Ну ладно, иди... Наступает ночь, раздаётся сильный стук в дверь. Гена спрашивает: - Кто там? - Открывай, зелень пузатая, это я, чебуратор...

► МЕРЕЙ

ТАҒЛЫМДЫ ҒҰМЫРҒА ТАҒЗЫМ

Сәтбаев қаласындағы «Достық» үйі сол күні ерекше бір жылылыққа, мейірім мен ризашылыққа толы еді. Мәдениет пен өнердің шынайы жанашыры, руханият ұстасына айналған Гүлсара Қоңырбайқызы Жиенәлиеваны ұлықтау кеші өтіп жатты. Кештің аты да, мәні де терең — «Шынболат шайырдың шырақшысы».

Бұл атау Гүлсара апайдың өмір жолына айна-қатесіз жарасып тұр. Ол айтыс өнерінің абызы Шынболат Ділдебаевтың жары ғана емес, оның жарқын есімін ұлықтап, мұрасын дәріптеп жүрген жан. Өмірінің мәнін мәдениет пен өнерге арнаған, халық жадындағы отты сөзі мен жырын сөндірмей, шырақтай сақтап келе жатқан тұлға.

Қала басшылығы, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, Ш.Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайы, ҚХА жанындағы Ақсақалдар Кеңесі, қалалық Қоғамдық Кеңес, «Достық» үйі қолдау танытқан, журналист, «Шындық» қоғамдық қорының төрағасы Абдолла Дастанов ұйымдастырған бұл кешке ел ағалары, зиялы қауым, мәдениет майталмандары, шәкірттері мен замандастары жиналды. Өрқайсысының жүрегінде Гүлсара апайға деген ризашылық, құрмет, ілтипат бар.

Қала әкімінің құттықтау хатын әкім орынбасары Дархан Мұхан табыстап, мәдениет пен өнер жолындағы өлшеусіз еңбегі үшін ізгі тілегін арнады.

Сахна төрінде атақты айтыскер ақын Мұқаш Сейітқазиновтың отты жыры төгіліп, дүлдүл әнші Ғалым Мұхамединнің әуезді үнімен «Гәкку» шарықтады. Бір сәтке залда отырған жұрт Шынболат пен Гүлсараның жастық дәуреніне куә болғандай әсерде қалды.

Ақын Жоламан Мағзұмовтың арнау өлеңі, айтылған жылы лебіздер, естеліктер — бәрі де апайдың тағылымды ғұмырына тағзым іспетті болды.

Тоқсанның табалдырығын аттауға тақап қалған, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы Зейнеп Әбілбекова бастаған «Шындық» қоғамдық бірлестігінің ұйымшылдығы мен ізетті ісі көптің көңілінен шықты. Оксана Николаевна Жук жетекшілік ететін «Достық» үйінің тосынсыңы, М.Төрегелдин атындағы «Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы музейінің» директоры Зейпін Қазанбаева бастаған ұжымның құттықтауы да кеш шырайын кіргізе түсті.

Бұл ұлықтау — бір ғана мерейтой емес, бір дәуірдің өнер мен руханиятқа сіңген еңбегіне берілген баға еді. Гүлсара Қоңырбайқызы — өткеннің аманатын бүгінге, бүгіннің рухын ертеңге жалғап келе жатқан тұлға.

Ол Шынболат шайырдың шырағын өшірмей, халық жадындағы жыр отын маздатуда. Ұлықтау кеші — мәдениет пен руханиятқа сүбелі үлес қосқан ардақты жанға көрсетілген зор құрметтің айғағы болды.

Мейрамгүл САЯЖАН.



Жаңа жасыңызбен, Гүлеке!

Туған күн деп қолымызға ту алып,
Қуанышқа келіп қалдық қуанып.
Шынболаттың жары деген ерекше,
Бар, Гүлеке, Сізде құжат - куәлік.

Жолын кеспес ауылданбыз
үлкеннің,
Бас бағдаршам салт - дәстүрі,
ғұрпы елдің.
Өзіңізді өнер сүйер шартарап,
Шырақшысы деп таниды
Шынкеңнің.

Жылдар өтіп жатыр жылжып,
жылыстап,
Ынтымақты жерге қонған
ырыс - бақ.
Ошақ отын келе жатсыз өшірмей,
Шаңырағын Шын-ағаның
жылы ұстап.

Рухына ердің ерен еңбек еттіңіз,
Желе жортып 70 - інші жетті күз.
Келін болып қаласына Қаныштың,
Тастай батып, судай сіңіп кеттіңіз.

Ағамызда бөлек еді - ау жыр бұлты,
Музейінде мұрты сынбай тұр мүлкі.
Қолыңызда жүрсін дәйім, Гүлеке,
Ділдебаев сарайының бір кілті.

Мұқаш СЕЙТҚАЗИНОВ.



Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген, 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 520 Заказ 1723

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы:
Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс — 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.